

Түркістан облысы Қазғұрт ауданы  
ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Балабақшаның мейсірлігінде:

Есіл ауданы



# 2019-2020 оқу жылының Өндірістің хаттамалары

Қазғұрт



ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасындағы өндірістік кеңестің

хаттамасы №1

Қазығұрт е.м

29.08.2019ж

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. «Жазғы сауықтыру шараларының қорытындылары»,
2. 2019-2020 оку жылын бекіту,
3. Жұмыс уақытындағы инструктаж

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе;

Жазғы сауықтыру шараларының есебі «МузАрт» және «Балдырган» топтарының тәрбиешілері жазғы сауықтыру шараларының өткізілу барысы жайлы есеп берді.

Бірінші: Біз ең алдымен ата-аналармен балаларды жазғы уақыттағы қауіпсіздік шараларымен таныстырық. 1- маусым балалар күнінде қуыршақ театрының қатысуымен ойын-сауықтық бағдарлама өткіздік. «Әрқашан күн сөнбесін » тақырыбында асфальтта сурет салу сайысын өткіздік.

Екінші : «Астана – әсем қала» суреттер сайысы, «Күн, су, таза ауа – достырымыз жан дауа» тақырыбында ойын сауық шараларын өткіздік. Өлкетану мұражайына саяхат жасадық. Су мерекесін өткіздік;

Екінші мәселе: Балабақша әдіскері Алиева Қарлығаш қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа жылдық жоспарды талқылауды ұсынды. Жаңа оқу жылында өткізілетін іс шаралар кестесін, педагогтардың оқу кестесін бекітті. Аудандық білім бөлімінің бүйрықтарымен қаулыларына сәйкес балалардың білім алуына басты назар аударып, балабақшаны сол шараларға тиісті деңгейде жабдықтауды ұсынды. Жаңа оқу жылына қажетті оқулықтар мен ойыншықтардың, кеңсе құралдарының есебін берді.

Үшінші мәселе Балабақша менгерушісі қызметкерлерді жұмыс уақытындағы ережелермен таныстырыды. 2019-2020 оку жылына арналған еңбекті корғау және жақсарту шараларының техникалық - ұйымдастырушылық жоспары

- лауазымдық нұсқаулықтарда барлық қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттерін анықтау;
- еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасау;
- еңбекті қорғау қызметі туралы ережені бекіту;
- оқыту мен нұсқамаларды ұйымдастыру;
- зиянды және қауіпті факторларды бақылауды ұйымдастыру

Әр қызметкерге өзінің қызметіне сәйкес лауазымдық нұсқаулықтарын түсіндірді.

29 Тамыз 2019 жылы өткізілген өндірістік жиналыстың

**шешімі:**

- 1.Жаңа оку жылышын жоспарын орындау;
- 2.Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін орындаудың қадағалау;
- 4.Өзгерістер енгізілген заннамамен толық танысып, сол бағытта жұмыс істеу.

Төрайым:



Хатшы:

Естауова Б  
Алиева К

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасындағы өндірістік кеңестің

хаттамасы №2

Қазығұрт е.м

22.12.2019ж

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Балаларды сақтандыру (жаңа жыл шыршасы).
2. 1-жартышылдықтағы балалардың денсаулықтары.
3. Балалардың тамактануы.

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе Жаңа жылдық ертеңгілікте балалардың қауіпсіздігі туралы. Менгеруші Жаңа жыл мерекесі жақындаған кезде жасыл шырша да өз орнын табады. Жаңа жылды өрт сияқты оқиғалармен көңілге кіrbіn түсірмей, жақсы өткізу үшін жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау қажеттілігі туралы естерінізге саламыз.

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жаңына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Мереке аяқталған соң шыршаны үйде ұзак ұстаудың қажеті жок. Keyіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар, синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жана жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсанында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жаракат алуы және мертігуі әбден мүмкін.

Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естерінізде ұстаған жөн. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған!

- отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы, ағаштар мен құрылышы жоқ аула, бақ немесе алаң. - таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар объектілер, автомашина тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс. - отшашу кезінде айналасында түскен жапырактар мен қылқандар, қураған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенет үшқын түскен болса, өртенуі мүмкін. - өткір жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың қолемін 3-4 есеге ұлғайту қажет. - Қөрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел сокпайтын жактан отшашу аланынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы тұтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындағы етіп орналастыру қажет.

Медбике Баяндама жасады. 2019-2020 оку жылдарында біздің балабақшада балалармен қызметкерлер арасында денсаулық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Балалардың ата-аналарына тұмау кезіндегі профилактика жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындал, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындалған жағдайлардың бірі.

Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жана қарым-қатынасты мензейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізігі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдан отыру қажет.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындаиды.

Осылан орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналад

Жұмыстың мақсаты - мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шындаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі балалардың қымыл-әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын сұыққа төзімді болуға жаттықтыру.

Балалар ауруларын тәмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби-шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрүмендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қымыл-әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Үшінші мәселе бойынша аспазшы баяндама жасады; Біздің мекемеде тамакты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар: \* Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді; \* Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық туліктер тенденстірілген. \* Тамақ мөлшерінің тенденстірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамактардың көптеген түрлері; \* Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өнделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сактауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы. \* Үйлесімді тамактану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамактаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады; \* Тамактануға деген гигиеналық талаптарды сактау (тамактану қауіпсіздігі) Біздің балабақшада күніне 3 рет тамактанады «айболған» балабақшасының

22 желтоқсан 2019 жылы өткізілген өндірістік жиналыстың шешімі:

1. Ата- аналармен жаңа жылдық ертенгілік кезіндегі қауіпсіздік шаралары жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
2. Балалармен ата-аналар, қызметкерлерге аурудың алдын-алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
3. Балаларды тамактандыруды ұйымдастыруды жақсарту

Тәрайым:

Хатшы:



Естаяуова Б

Нурлыбекова М

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Өндірістің кеңестің хаттамалары №3

18.03.2020ж

Қатысқандар 10

1.Медбике қызметкердің жарты жылдықта жасалынған жұмыстарының корытындысы.

2.Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.(шүғыл тексеру)

3.Бала омірі мен денсаулығын қоргау бойынша нұсқау жүргізу.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі балалардың антропометриялық өлшеу кезінде бойы осіп,салмак қосқандарын айттып отті.Бақшада күн тәртібі ретімен сақталатынын,үнемі шынықтыру ,сауықтыру шаралары жүріп тұратынын айтып өтті. Әр. 2айда спорттық сайыстар өткізілгенін,балалардың қатысымы жоғарылағанын айтып отті .Ас мәзірінің құнарлы тағамдармен толықтырылғанын,алма,банан,иогурт сияқты беріліп тұратынын айтты. Дене шынықтыру сабағын үнемі үздіксіз жүретіні де айтылды.

Екінші мәселе бойынша медбике ас блогының санитарлық талапка ішінara сай екендігін айтты ыдыстарды үнемі хлор,ерітіндісіне салып отыру керектігін және,өте-өте тазалық сақтау керектігіне токталды.Әр өнімді оз мукамалы мен пайдалану керектігіне және таңбаланған,орнында сақтау керектігін айтты. Үйдістарды жуу техникасын өте қатты қадағалады.Газ плитасы мен кафельдерді құнделікті тазалаудың қажеттілігін айтты.

Ушінші мәселе бойынша әдіскер Нурлыбекова Майя қантар айында кыс мезгіліне сай техника қауіпсіздігі нұсқаулығынан өткендерін айтты.Онда кыс мезгілінде серуенге шығу кезінде тәрбиешінің баларды шатырдағы мұз сұңғілерінен абай болуды аяқ жолдарға мұз ойынын, қар құреп,күм себіліп жатқанын айтты. Қар құреу жұмысына бүкіл үжым қатынасаттында ескертті.Далаға серуен өткізу нұсқаулығын ата-аналар бұрышына іліп койылғанын айтты.

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Өндірістің кеңестің хаттамалары №4

10.05.2020ж

Қатысқандар 10

**Күн тәртібіндегі мәлелер.**

1. Жазғы-сауықтыру кезіндегі өткізілетін іс-шараларды бекіту.
2. Жаз кезіндегі азық-тұліктардің сапасы мен түрлері.
3. Сурет көрмесі «Жаз-ол мереке»

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Нурлыбекова Н жазғы-сауықтыру жоспарымен таныстырыды. Медбике жаз бойы балаларды қалай шынықтыру керектігі жайлы өз ойларын ортаға салды. Қауызға тамыз айының аяғына дейін түсуге болатынын, құн, ауа, су ваналарын құнделікті қабылдау керектігі айтылды. Сауықтыру кезеңі түрлі ойын-сауыкка лс-шараға толы елеңгеруші жазғы-сауықтыру кезеңінің жоспарын бекітті.

Екінші мәселе бойынша медбике сез алып жаз мезгіліпде балалар тағамына көкөністер мен жаңа піскен жеміс-жидектерді көп етіп қосуды ұсынды. Ас мәзірінің рационы құнарлы тағаммен байыту арқылы бала денсаулығын нығайта аламыз деді. Бала денсаулығын нығайта аламыз деді. Бала ағзасына керекті дәрумендердің барлығы жемістердің күрамында болатыны бәрімізге бейім.

Үшінші мәселе маусым айында ай бойы «Жаз -ол мереке» тақырыбында сурет салу көрмесін үйимдастыру туралы ой қозғалды. Топтағы балалар құнделікті оз шығармашылығынан. Салған суреттерін кіреберіске ілініп қойылады. Осылай бала қиялышындағы жаз бейнесінен көрме үйимдастырылады. Ашық түсті көп пайдалану арқылы коніл-күйдің көтеріңкілігін көрсетеміз.

**Қаулы:**

- 1.Жазғы- сауықтыру жоспары бекітілсін.
- 2.Сурет көрмесіне басшылық жасау тәрбиеші Холдарбекова А жүктелсін.

Тәрайым:

Хатшы :



Естаяуова Б

Нұрлыйбекова М